

Нұрсәуле Тілдабаева



Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

Т 93

Тілдабаева Н.

Т 93 Шырақ: тарихи әңгіме. / Тілдабаева Нұрсәуле,; - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 32 б.

ISBN 978-601-7595-40-1

Сақтардың парсы басқыншылығына қарсы күресі баршамызға мәлім. Ал мыңғырған парсы әскерін тізе бүктірген сақ батыры Шырақтың ерлігін естіген бе едің? Тапқыр әрі батыл Шырақтың ұрпаққа үлгі болар ерлігін комикс жанрына бейімдедік. Заманауи иллюстрация баланың оқиғаны оңай түсінуіне ыңғайлы.

Бұл тарихи әңгіме баланы туған елдің тарихына қызығып, өткенге құрметпен қарауға үндейді.

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-40-1

© Астана-кітап, 2021

ШЫРАК






Шырақ

Ертеде парсы патшасы Кир сақ тайпаларын жаулап алғысы келеді. Алайда патшайым Томирис бастаған сақтар Кирді әскерімен қоса талқандап, жеңіп шығады. Мұндай масқарадан кейін Дарий таққа отырып, сақтардан парсылардың кегін алуды жоспарлайды.



– Қайтсек те сақтардан кек алмай қоймаймыз! Әскерді жасақтандар, жорыққа шығамыз, – деп әмір береді Дарий патша.

– Құп болады, патшам! – деп қолбасшылар жауынгерлерін жасақтап, жорыққа дайындала бастайды.



Бұл уақытта сақ тайпалары жан-жақта ыдырап жүрді. Әр тайпа өз бетінше өмір сүріп жатты. Әрі Кир әскерімен соғысқаннан кейін әжептәуір әлсіреп қалған еді.

Содан бір күні парсылардың Сырдария өзеніне жақындап қалғанын сақ барлаушысы біледі.

